**2023-2024 оқу жылындағы**

**Тәрбие жұмысы бойынша I жартыжылдықта тоқсанда атқарған жұмыстың есебі**

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында сынып жетекшілермен жиналыс өткізіліп, тәрбие жұмысының жаңа бағытымен таныстырылды.

Бірінші қыркүйек білім күніне арналған « Мектеп мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтіп, сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

Денсаулық күніне орай барлық сыныптарға арналған бағдарлама жасалып, спорттық іс шараралар өткізілді.

Әр бейсенбі күні график құрылып, сыныптар мен жетекшілер мектеп ауласын тазалауға ат салысты.

Қыркүйек айының соңында қарттарға арналған мерекелік концерт өткізілді. Мерекелік концертті «Бала дауысы» ән байқауы аясында болды. Байқауға даярлық сыныбынан бастап сегізінші сыныпқа дейін оқушылар қатысты. Барлығы 17 оқушы өнер көрсетті. Қарттарға арналған мереке жоғарғы деңгейде өтті.

Мектепшілік іс шаралардан бөлек аудандық облыстық байқауларға қатысқан оқушылар болды. Қазақша күрестен Республикалық турнирге Сейтхан Ерсұлтан жүлделі I орынға ие болып Зерендіде өткен турнирге турнирге қатысып «Кандидат мастер спорт» атағына ие болды.

Ұлттық мектеп лигасы бағдарламасы 9-11 сынып оқушылары арасында аудандық тоғызқұмалақ жарысында мектеп оқушылар жүлделі I орынға ие болды. Мектеп мұғалімдерінің құрама командасы аудандық волейбол жарысына қатысып, I орынға ие болды.

Республика күні қарсаңында аудандық жоспар негізінде мектепшілік іс шара жоспары құрылып өткізілді. Сынып сағаттары , сыныптан тыс іс шаралар мен оқушыларға арналған акциялар ,челленджлер ұйымдастырылды.

Республика күніне арналған «Менің жерім мақтанышым» атты қалалық ақындар айтысында Елеш Нұрғиса жүлделі I орынға ие болды.

Бір тұтас тәрбие бағдарламасы аясында әр дүйсенбі күні бекітілген кесте бойынша әр сынып сағаттары өткізілді. Өткізілген іс шаралар мектептің сайтында, әлеуметтік желісінде жарияланып отырды. Тілдерді дамыту орталығының басшысы Жайнарбек Зандыбайұлымен кездескен мектеп оқушылары , жақсы рухани сұхбаттың куәсі болды. Сұхбат барысында мектеп оқушылары сұрақтарын қойып, өздері шығарған өлеңдерін оқыды, Сырым мен Нұргисаның айтысын тамашалады.

Кездесу соңында Ақмола обылысындағы танымал ақындар мен олардың туындылары жазылған " Құтты мекен-Бұланды" атты кітабын сыйға тартылды.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие жұмысы өткізілді.Бекітілген график бойынша әр дүйсенбі күні барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Өткізілген іс- шара әлеуметтік желіге жүктеліп отырды. Ұлттық валюта күніне орай мектеп тәлімгері мен өзін өзі басқару ұйымының оқушылары «Ұлттық теңгем менің мақтанышым» атты акция ұйымдастырылды.Щучинск қаласында өткен облыстық тоғызқұмалақ жарысына Мектептің құрама командасы барып, мадақтамамен оралды.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрілігінің қолдауымен республикалық «Спорт жұолыздары» журналы қараша айынданда «Пневматикалық винтовкадан ату мен автоматты бөлшектеп жинаудан» алғашқы әскери жені технологиялық пән мұғалімдері арасында өткен республикалық туринирге қатысқан Қуанышев Д.К жүлделі III орынмен оралды.

Әр жұма сайын кезекші сынып тағайындалды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушылары арасында қызықты челленджер ұйымдастырылды.Тоғыз айға, тоғыз іс шара жобасы аясында мектепішілк оқушылар арасында бес асық, асық ату ойындары жиі ұымдастырылады.

"Бастауышым бастамам" атты бастауыш сыныптарының 10күндігінің ашылу салтанаты өтті. Осы апталық бастауыш сынып оқушыларының білімін нығайтып қана қоймай жан-жақты дамуына, шеберліктерін аттыруға, білімдерін тексеріп, сайысуды мақсат етіп отыр.Мектеп оқушыларының құрама командасы құрылып КТА ойыны өткізілді. Желтоқсан айында «Менің елім Қазақстан» атты мектепішілік іс шара жоспары құрылып, сынып сағаттар мен акциялар, концерттік бағдарлама өткізілді.Сонымен қоса, ата аналарды педагогикалық қолдау орталығында бекітілген жоспар негізінде ата аналар отырысы өтті. Тарих апталығы ұйымдастырылып, сол апталық аясында оқушыға патриоттық тәрбиені нығайту мақсатында сынып сағаттары өткізілді. барлық буында «Қош келдің құтты, жаңа жыл» атты бастауыш пен орта буындарда ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікке арнайы кейіпкерлер шақырылып, ертеңгілікті жоғарғы деңгейге өткізуге ат салысты. Оқушылар ән айтып, би биледі, ертеңгілікке қатысқан кейіпкерлермен ойын ойнады, аяз атадан сыйлықтарын алды. Жоғарғы сыныптарда мерекелік концертпен арты би кешімен жалғасты.

ТІЖО: Магзум А.

Құандық.С